

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



G·GLOBAL

**Х Астана экономикалық форумы аясындағы
«ӘЛЕУЕТТІ МҮМКІНДІКТЕР НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ
ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ
ӘРТАРАПТАНДЫРУЫН ЖЕДЕЛДЕТУ»**

жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

II БӨЛІМ

15 маусым 2017ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«УСКОРЕНИЕ ДИВЕРСИФИКАЦИИ И ПОВЫШЕНИЕ
КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
КАЗАХСТАНА НА ОСНОВЕ ПОТЕНЦИАЛЬНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ»**

под эгидой X Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ II

15июня 2017г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«ACCELERATING DIVERSIFICATION AND IMPROVING THE
COMPETITIVENESS OF KAZAKHSTAN'S NATIONAL ECONOMY BASED
ON POTENTIAL OPPORTUNITIES»**

in the framework of the X Astana Economic Forum

PART II

15 June 2017

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 330.(063)
ББК 65.01
Ә53

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент Бабланов Т.К.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А., к.э.н., и.о. доцента Мусина К.П.

Ә53 **Әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және әртараптандыруын жеделдету: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы.** – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017.
Ускорение диверсификации и повышение конкурентоспособности национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2017.
Proceedings of the international scientific conference of young scholars «Accelerating diversification and improving the competitiveness of Kazakhstan's national economy based on potential opportunities» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2017.

ISBN 978-9965-31-871-9
ISBN 978-9965-31-869-6

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату және әртараптандыру жеделдетудің және ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы диверсификации национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of Kazakhstan's national economy diversification based on potential opportunities and development of recommendations for improving the competitiveness of the country's economy.

ISBN 978-9965-31-871-9
ISBN 978-9965-31-869-6

УДК 330 (063)

Таким образом, рассматривая стратегическое развитие для таких производств, можно отметить, что в период экономического спада необходимо находить наименее конкурентоспособные отрасли для развития с целью занять в них приемлемую нишу. Для того, чтобы реализовать данный план предприятиям нужно инвестировать в инновации на своих производствах. Но, как уже было отмечено ранее в параграфе, низкая инновационная активность МСП в России является также одной из наиболее насущных проблем бизнеса.

Литература:

1. Taranova I.V., Gunko A.Y., Kurennaya V.V., Alekseeva O.A., Bunchikov O.N. Development of methodical approach on identification of cluster forms of the organization of economy of the traditional and agrarian region // Asian Social Science. 2015. Т. 11. № 14. С. 95-103.
2. Таранова И.В. Организационно-экономический механизм территориального размещения и специализации аграрного производства в рыночной и природной среде // Теория и практика / Москва, 2010.
3. Ледович Т.С., Маликова Р.И., Таранова И.В. Статистические исследования в социально-экономических процессах // учебное пособие для студентов высших учебных заведений, обучающихся по специальности "Статистика" и другим экономическим специальностям / Т. С. Ледович, Р. И. Маликова, И. В. Таранова ; ФГОУ ВПО Ставропольский гос. аграрный ун-т, Федеральное агентство по образованию, ННОУ ВПО "Ин-т дружбы народов Кавказа". Ставрополь, 2007.
4. Ледович Т.С., Панаедова Г.И., Таранова И.В., Абросимова Т.Ф., Аксенкова С.В., Воробьева Н.В., Гладилин В.А., Криворотова Н.Ф., Соколова А.А., Чеберяк В.И. Социально-экономические аспекты развития общества в условиях членства России в ВТО // Ставрополь, 2013.
5. Таранова И.В., Мирошников Д.М. Факторы формирования и развития промышленных округов в экономике регионов юга России // Вестник Института дружбы народов Кавказа Теория экономики и управления народным хозяйством. 2014. № 1 (29). С. 20.

КОМПАНИЯНЫҢ ҚАРЫЗ ҚАРАЖАТЫН ТАРТУДЫҢ ОҢТАЙЛЫ ҚҰРЫЛЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ САЯСАТЫ

Бұлақбай Ж.М.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Асатана қ., Қазақстан.

E-mail: Bulakbay_zhannat@mail.ru

Компанияда тек қана алдын ала тиімді ойластырылып, жасалып, дұрыс өңделген қаржылық саясаттың көмегімен ғана қысқа мерзім ішінде және шығынды ең аз жұмсау арқылы қойған мақсатына жетуге болады. Сондықтан «қаржылық саясат» кәсіпорынды басқарудың практикалық саласында көбірек қолданады.

Компанияның қаржылық саясатын құрылтайшылар, меншік иелері анықтайды, қаржылық басшылық өткізеді, қаржылық қызмет, өндірістік құрылымдар, бөлімшелер және жеке жұмысшылар атқарады. Жүргізілетін қаржылық саясат компанияның қаржылық мүліктік жағдайын сипаттайтын негізгі нысанында орын алады. Қаржылық саясатты жүзеге асыру стратегиялық және тактикалық қаржылық шешімдерден тұрады. Оның екі түрі бар: инвестициялық және қаржыландыру шешімдері.

Инвестициялық шешімдер компанияның активтерін қолданумен, құрумен байланысты және компания қаражатын қандай бағытта салу қажеттігін анықтайды. Қаржыландыру шешімдері пассивтерді қолданумен, құрумен байланысты және компания қаражаттарын алу көзін айқындайды.

Компанияның қаржылық саясатының құрылымы 1-суретте көрсетілген.

Берілген суреттен компаниядағы қаржылық шешімнің екі түрінің өзара тығыз

байланысты екендігін көреміз. Қаржылық саясат мазмұны жағынан көп қырлы және келесі бөлімдерден құралған:

1) кәсіпорын тәуекелінен қорғайтын және жоғары табыстылықты қамтамасыз ете алатын ұйымның қаржылық ресурстарын басқарудың оңтайлы тұжырымдаманы жүзеге асыру;




1 - Сурет – Компанияның қаржылық саясатының құрылымы
Ескертпе: автормен құрастырылды

2) ағымдағы (ай, тоқсан) және болашақ кезеңде (жыл және одан да көп) қаржылық ресурстарды қолданудың басты бағыттарын анықтау;

3) қойған мақсатына жетуге бағытталған практикалық іс-әрекеттерді жүзеге асыру (қаржылық талдау және бақылау, кәсіпорынды қаржыландырудың тәсілдерін таңдау, нақты инвестициялық жобаларды бағалау, т.б.).

Инвестициялық және қаржыландыру шешімдерін оңтайландыру қаржылық саясатының мақсаты болып табылады [1].



2 - Сурет – Компанияның қаржылық саясатының негізгі міндеттері

Капиталдың қаржылық құрылымын оңтайландыру компания құнын басқару жүйесінде капиталдың оңтайлы қаржылық құрылымын қалыптастыру процесін анықтайтын мақсаттар

мен принциптерге көзқарастардың іс жүзіндегі тәжірибесін қорытындылайтын, ғылыми негізделген жүйе ретінде ұғынамыз. Қазіргі ғылыми еңбектерде мақсатты критерийлер ретінде келесілер қолданылады: компанияның нарықтық құнын ұлғайту, капиталдың орташа өлшенген құнын төмендету, қаржылық тәуекелдер деңгейін төмендету, қаржылық рентабельділік деңгейін арттыру, капитал құрылымын мақсатты бағытталған түрде қалыптастыру бір мәнді мақсатты функциялардың болуын талап етеді.

Компанияның оңтайлы капитал құрылымын қалыптастыру процесі стратегиялық және ағымдағы аспектілерде қарастырылуы қажет. Стратегиялық мақсат негізделген нарықтық құнды максималдау арқылы жүзеге асады. Ағымдағы кезеңдегі ілеспе мақсат экономикалық табыс ретінде көрінуі мүмкін, оның жоғарылауы құнның пайда болу процесін бейнелейді және компанияның құнын басқару жүйесі шеңберінде капитал құрылымын құрудың ұзақмерзімді және қысқамерзімді мақсаттардың сабақтастығын қамтамасыз етеді. Бұл көрсеткіштің ерекше құндылығы ретінде оның бухгалтерлік және қаржылық тәсілдердің арасындағы қарама-қайшылықтарды анықтауға болатындығында және «табыстылық-тәуекелдік-өтімділік» жүйесінің балансын есепке ала отырып, меншікті және қарыз капиталы арақатынасының оңтайлы шамасына жетуді жүзеге асыру үшін қажетті шектеулер мен жорамалдарды қалыптастыруға болады.

Компанияның капитал құрылымын оңтайландыруға құндық тәсілді жүзеге асыру нарықтық құнның негізінде қызмет нәтижелерін бағалау параметрлерін таңдауды негіздеу және осы мақсаттық критерий бойынша оны қалыптастырудың факторлар жүйесін тұрғызуды болжайды. Қосылған құнның экономикалық моделі (EVA) компания құнын басқаруда аналитикалық құрал ретінде жоғары әлеуетке ие болып табылады. Экономикалық қосылған құн көрсеткішінің (EVA) артықшылықтары: EVA көрсеткіші негізгі мақсаты компанияның нарықтық құнын қалыптастыру мен жоғарылату болып табылатын компанияны басқару құралы ретінде қарастырылады; EVA көрсеткіші компания құнын жоғарылатуға апаруы міндетті емес; EVA көрсеткішінің жоғарылауымен бір уақытта құнның төмендеуі есепті кезеңде EVA көрсеткішінің жоғарылауы ұзақ мерзімді болашақта үстеме пайда табу алдындағы басым мақсат ретінде қол жеткізілгенде, капиталдық шығыстар өсу кезінде EVA көрсеткіші жоғарылайды; EVA көрсеткіші компания басқарушыларына табыстылыққа қалай әсер етуге болатындығын көрсететін көрсеткіш ретінде де қарастыруға болады [2].

EVA көрсеткішінің бұл ерекшеліктерін нақтылы компания «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның мысалында қарастыруға болады.

1-кесте

«Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның EVA көрсеткішінің өзгерісі

Көрсеткіштер	2011 ж.	2012 ж	2013 ж	2014 ж	2015 ж
Салық пен пайыздарды төлегенге дейінгі табыс көлемі (ЕВИТ), млн.теңге	2846	5208	3389	1865	-9796
Салық салғаннан кейінгі таза табыс (NOPAT), млн.теңге	2264	4558	3083	917	-8266
Инвестицияланған капитал (IC), млн.теңге	27408	45944	74086	89154	114079
WACC,%	2,1%	1,1%	2,36%	4,6%	2,2%
EVA, млн .теңге	1688	4953	1335	3184	-10776
Ескерту: «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның жылдық есебінің негізінде есептелді [3]					

«Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның EVA (экономикалық қосылған құн) көрсеткішінің 2011 – 2014 жылдарға арналған есебі EVA көрсеткішінің 4 жылда да оң мәнде, жағымды көрсеткіштер көрсетті. Ал компания капиталының орташа өлшенген құны 2012 жылы басқа жылдарға қарағанда төмен пайызды көрсеткен, осыған байланысты EVA көрсеткіші басқа жылдармен салыстырғанда жоғары мәнге ие болған. Бұдан түсінетіміз, EVA көрсеткіші WACC мәні төмен болған сайын жоғары көрсеткішке ие болады. Негізінен компания үшін капиталдың орташа өлшенген құнының мәні неғұрлым төмен болған сайын, компанияға соғұрлым тиімді болып табылады. EVA көрсеткішінің көлемі жоғары болған сайын, компания соғұрлым өз меншік иелеріне жоғары табысты қамтамасыз ете алады.

Енді осы көрсеткіштер бойынша «табыстылық-тәуекелділік-өтімділік» балансын бейнелейтін $\Delta EVA > \Delta CA > \Delta EP$ шектеулерге компания көрсеткіштерінің мәндерінің сәйкестігін анықтаймыз. Қарыз капиталының жыл сайын өсіп отырғанын байқауға болады, артқан сайын компания қызметінің табысты қызмет етуіне айтарлықтай кедергілер тудыруы мүмкін. Өйткені, компанияның қарыз капиталын өтеуге меншікті қаражаттарының жеткілікті болуы тиіс. Бұл есептеулердің айқын көрінісін төмендегі 2-кестеден көруге болады.

2-кесте

Компанияның «Табыстылық-тәуекелділік-өтімділік» балансын бейнелейтін көрсеткіштердің қарқыны

Көрсеткіштер	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
Экономикалық табыс өсімі (ΔEP), млн. теңге	1282	2294	1475	2166	-9183
Ағымдағы активтер өсімі ΔCA, млн. теңге	-1566	-14095	24220	9519	18198
Қарыз капиталы өсімі (ΔEP), млн. теңге	-1894	14505	25666	5478	33447
Ескерту: «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның жылдық есебінің негізінде автоормен есептелді [3]					

«Табыстылық-тәуекелділік-өтімділік» балансын бейнелейтін $\Delta EVA > \Delta CA > \Delta EP$ шектеулерге сәйкестікті анықтасaq:

Ендеше бұл есептеулерді көрнекі түрде көріну үшін кестеге енгізсек. «Табыстылық-тәуекелділік-өтімділік» балансын бейнелейтін $\Delta EVA > \Delta CA > \Delta E$ шектеулерге сәйкестікті 3-кестеден көруге болады.

3-кесте

«Табыстылық-тәуекелділік-өтімділік» балансын бейнелейтін $\Delta EVA > \Delta CA > \Delta E$ шектеулерге сәйкестік 2011-2015 жылдар бойынша

Көрсеткіштер	2011ж	2012ж	2013ж	2014ж	2015ж
Экономикалық қосылған құн (ΔEVA), млн. теңге	1688	4953	1335	3184	-10776
Ағымдағы активтер өсімі (ΔCA)	-1566	-14095	24220	9519	18198
Қарыз капиталы өсімі (ΔEP), млн. теңге	1282	2294	1475	2166	-9183
$\Delta EVA > \Delta CA > \Delta EP$ шектеуге сәйкестік	орында алмаған	орында алмаған	орында алмаған	орында алмаған	орында алмаған
Ескертпе: автормен есептеліп құрастырылды [3]					

Жоғарыдағы есептеулерден көріп отырғанымыздай, «табыстылық-тәуекелділік-өтімділік» балансын бейнелейтін $\Delta EVA > \Delta CA > \Delta E$ шектеулерге компанияның ешбір есепті

кезең көрсеткіштері сәйкес келген жоқ. Бұдан шығатын қорытынды «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның «табыстылық - тәуекелділік- өтімділік» балансын бейнелейтін $\Delta EVA > \Delta CA > \Delta E$ шектеулерге сәйкес келмеу себебі қарыз капиталының үлесі мен тәуекел деңгейінің жоғары болуымен байланысты болып табылады.

Сонымен, қарастырылған капитал құрылымын оңтайландыруға байланысты зерттеулерді қорытындылайтын болсақ, капитал құрылымын оңтайландыру әрбір компания үшін маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Оны оңтайландырудың бірнеше жолдары бар. Атап айтатын болсақ, компанияның нарықтық құнын максималдау, капиталдың орташа өлшенген құнын минималдау, қаржылық тәуекелдер деңгейін минималдау, қаржылық рентабельділік деңгейін максималдау және т.б. Аталған іс – шараларды жасау үшін компанияға көп жұмыс атқаруға тура келеді. Компанияның оңтайлы капитал құрылымын қалыптастыру процесі стратегиялық және ағымдағы аспектілерде қарастырылуы қажет. Стратегиялық мақсат негізделген нарықтық құнды максималдау арқылы жүзеге асады. Және қосылған құнның экономикалық моделі (EVA) компания құнын басқаруда аналитикалық құрал ретінде жоғары әлеуетке ие болып табылады. Осыған байланысты компания құнын басқару жүйесі шеңберінде капитал құрылымын қалыптастырудың қысқа және ұзақмерзімді мақсаттардың сабақтастығын қамтамасыз ететін EVA көрсеткіші ұсынылады. Капиталдың орташа өлшенген құны төмен болған сайын, компания үшін жағымды жағдайды қалыптастырады. Сонымен қатар, табыстылық – тәуекелділік – өтімділік балансын бейнелейтін $\Delta EVA > \Delta CA > \Delta E$ шектеулерге компания сәйкестігін қарастырдық. Бірақ жүргізілген есептеулер арқылы «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» АҚ аталған шектеулерге сәйкес емес екендігі анықталды. Оның сәйкес болмауы қарыз капиталы мен тәуекел деңгейінің жоғары болуына байланысты.

Әдебиет:

1. Этрил П. Финансовый менеджмент и управленческий учет для руководителей и бизнесменов/Питер Этрилл, Эдди Маклейни; Пер. с англ. – 2-е издание-М.: Альпина Паблишер, 2014.-648 с.
2. Бриггем Ю., Дж.Хьюстон. Финансовый менеджмент. 4-издания. Пер. с англ. Под ред. А.Г.Колос.,-СПб: Питер, 2007.- 541 с.
3. //www.ke.kz«Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» АҚ-ы сайты. 2011-2015 жылдардағы жылдық қаржы есептері.

ҚАРЖЫ МЕНЕДЖМЕНТІН ЖЕТІЛДІРУДЕ БАНКТИҢ АКТИВТЕРІН БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ МЕХАНИЗМДЕРІ

Бұлақбай Ж.М., Ақбаев Е.Б.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.,Қазақстан
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағандық.,Қазақстан
E-mail: Bulakbay_zhannat@mail.ru, erbolsyn.2011@mail.ru

Қазақстан экономикалық белсенділікті қалпына келтіру үшін өсу үрдісінің нығаюымен, тәуекелдердің төмендеуімен және дамушы елдердегі динамиканың баяулауымен сипатталады. Әлемдік нарықтардағы ауқымды дағдарыстардың ықтималдылығының төмендеуінен болған оң ая дамушы елдердің қаржылық жағдайларының, оның ішінде әлемнің негізгі экономикаларының ақша-кредит саясатының күтілетін өзгерістерінен туындайтын қаржылық жағдайларының қатандануымен қатар жүреді. Соның салдарынан капиталдың әкетілуі экономикалық агенттердің валюталық басымдықтарының өзгеруі дамушы елдер валюталарының құнына қысым көрсетеді. Банк секторының бәсекелестік